



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН
ТЫС XXIX СЕССИЯСЫ

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №39 (6601) 29 сәуір, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

МЕРЕКЕ

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

Алматы Қазақстан халқының бірлігі күнін ерекше салтанатпен атап өтеді



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

1 мамырда Алматыда Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған ауқымды мереке өтеді. Биыл мереке Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орайластырылып, «Бірлігі жарасқан Алматы» деген атпен өтеді. Негізгі іс-шаралар Республика сарайы алдындағы Абай алаңында сағат 10.30-дан 21.00-ге дейін өтеді. Кіру – тегін.

ДОСТЫҚ ФЕСТИВАЛІ

11.00-ден 12.15-ке дейін бас сахнада еліміздің этникалық және мәдени әртүрлілігін таныстыратын қазақстандық орындаушылар мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетеді. Көрермендер вокалды және аспаптық шығармалар, халық және заманауи билер, сондай-ақ түрлі мәдениетаралық попуриге куә болады.

Алматылықтар мен қала қонақтарына арнап L Duo дуэті, дарынды пианист Темірлан Бейсенбай (Ratovich), «Diamond» струнды триосы, дудукист Мейірман Абдрахманұлы, «Дервиши», «Made in KZ» топтары, сондай-ақ Башқұртстаннан келген «Ay Yola» тобы (олар өздерінің танымал «Ноты» композициясын орындайды) өнер көрсетеді. Күндізгі концерттік бағдарламаны Қазақстанның халық артисі Роза Рымбаева аяқтайды.

12.15-тен 16.00-ге дейін мерекелік концерт этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдарының өнерімен жалғасады. Көрермендер халық билерін, флешмобты, халық әндері мен этникалық музыкалық композицияларды тамашалайды.

СӘУЛЕЛІ СӘТТЕРГЕ КУӘ БОЛЫҢЫЗ

Кешке Абай алаңында алматылықтар және мегаполис қонақтарын еліміздің эстрада жұлдыздарының үлкен шоу-концерті күтіп тұр. Кештің басты жұлдызы – танымал әнші Айқын Төлепберген. Сонымен қатар, сахнаға әнімен көпшіліктің жүрегін

жаулаған Бүркіт, Марсель, Думан Марат және Мархаба Сәби шығады. Көрермендерді қызықты шоу-бағдарлама, жанды дыбыс және жарқын атмосфера күтеді. Басталуы – 19.00. Кіру – тегін.

Сонымен қатар, Абай алаңында «Единство народа в фокусе» фотокөрмесі өтеді, онда келушілер Қазақстан халқы

Ассамблеясының тарихындағы сәулелі сәттерді көре алады.

Сондай-ақ, 1 мамырда сағат 10.00-де Тұңғыш Президент саябағында бірлік жарысы өтіп, оған 300 адам қатысады. 1 мамыр – Бірлік күні қаланың 8 ауданында да мерекелік іс-шаралар өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

29.04.2025

Түнде:

**+17+19 °C**

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

**+30+32 °C**

Көшпелі бұлтты, күннің соңында өткінші жаңбыр, найзағай.

30.04.2025

Түнде:

**+15+17 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

**+21+23 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

1.05.2025

Түнде:

**+11+13 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

**+21+23 °C**

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

www.aqshamnews.kz



САЯСАТ

«Орталық Азия – Қытай» форматы:

АҚПАРАТТЫҚ КОММЮНИКЕ

тату көршілік, орнықты даму және көпжақты өзара іс-қимылды тереңдету
қағидаттарына ортақ міндеттеме бекітілді



Алматыда «Орталық Азия – Қытай» форматындағы Сыртқы істер министрлерінің 6-шы кездесуі өтті. Оған еліміздің Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Қытай Сыртқы істер министрі Ван И, Қырғызстан Сыртқы істер министрі Жээнбек Кулубаев, Тәжікстан Сыртқы істер министрі Сироджиддин Мухриддин, Өзбекстан Сыртқы істер министрі Бахтиёр Саидов және Түрікменстан өкілі қатысты.

Кездесуде саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге, көліктік өзара байланысты дамытуға, сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлермен бірлескен күреске, сондай-ақ өңірдегі орнықты даму мен экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне басты назар аударылды. Орталық Азияның Қытаймен өзара сыйластық пен теңдік қағидаттарында көпжақты өзара іс-қимылының архитектурасын жақсарту бойынша ұсыныстар талқыланды.

Тараптар қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге теңдестірілген көзқарастардың қажеттілігін атап өтіп, өзара тиімді даму жолындағы қадамдарды келісті. М.Нұртілеу өз сөзінде өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз

ету үшін негізгі салалардағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту қажеттігіне назар аударатырып, «Орталық Азия – Қытай» көпжақты форматын нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

«Форматымыздың «Орталық Азия +» тетіктері арасында флагманға айналуы, ал көшбасшылардың алдағы кездесуі мәңгілік достық пен өркендеудің жаңа кезеңін ашуы үшін барлық жағдай жасалуда», – деп атап өтті Қазақстан СИМ басшысы.

Отырысқа қатысушылар жаһандық сын-қатерлер жағдайында сындарлы диалогты жалғастырудың, байланыстарды дамытудың және басым бағыттар бойынша күш-жігерді үйлестірудің маңыздылығына назар ауда-

рып, осы форматтағы тұрақты кездесулерге дайын екенін білдірді.

Іс-шара қорытындысы бойынша Сыртқы істер министрлері Ақпараттық коммуникені қабылдады. Онда «Орталық Азия – Қытай» форматы шеңберінде тату көршілік, орнықты даму және көпжақты өзара іс-қимылды тереңдету қағидаттарына ортақ міндеттеме бекітілді.



Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

МӘСЛИХАТ

Ұлы Жеңіске – 80 жыл:

АЛМАТЫЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР 5 миллион теңгеден алады

Кеше Алматы қаласы Мәслихатының кезектен тыс XXXIX сессиясы өтті. Сессия барысында депутаттар әлеуметтік қолдауды жетілдіруге, экологиялық мәдениетті дамытуға және қалалық орта сапасын арттыруға бағытталған бірқатар шешімдер қабылдады.

Атап айтқанда, Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсету ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай, соғыс ардагерлеріне төленетін төлемдер ұлғайтылды: 21 соғыс ардагеріне 5 млн. теңгеден, 6149 тыл еңбеккеріне 100 мың теңгеден төленеді. Мәслихаттың қолданыстағы шешіміне сәйкес, мұқтаж азаматтарға, оның ішінде Жеңіс күні сияқты маңызды күндерге орай, 14 түрлі әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, депутаттар Алматы қаласында 2025–2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекітті. Бұл жоспар қала экологиясы басқармасы тарапынан Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында әзірленген және халық арасында тұрақты экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Жоспар экологиялық ойлау мен білімді дамыту, ауаның сапасын автоматты түрде бақылау жүйелерін орнату, экологиялық волонтерлікті қолдау, сондай-ақ «Жасыл мектеп» және «Жасыл кеңсе» жобаларын енгізуді қамтиды. Қабылданған Жоспар



Алматыдағы экология саласындағы жүйелі жұмыстардың негізіне айналмақ.

Сессия шешімімен 2015 және 2019 жылдары қабылданған, қоршаған ортаның сапалық көрсеткіштері мен жануарлармен жұмыс істеу ереже-

ды қажет ететін иттерді ұстау талаптары күшейтілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: Алматы қаласы Мәслихатының баспасөз қызметі)



УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН ӘУЕН

Алматыда жеңіс рухына арналған мерекелік кеш өтті

Алматыдағы Оқушылар сарайының Үлкен концерт залында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс: ерлікке – тағзым, ұрпаққа – үлгі» атты тағылымы терең мерекелік концерт өтті.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернатының басшылығы мен оқушылары әзірлеген мәдени іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Кеш қонақтарының қатарында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, еңбек ардагерлері болды. Көрермен қатарын оқытушы-оқушылар, сондай-ақ әлеуметтік осал топтың балалары толықтырды.

Концерт шымылдығын халықаралық байқаулардың лауреаты Береке Енкебаева ашты. Ол Жұмақан Сейіловтың жүрек тебіренер «Ана туралы баллада» әнін орындап, көрерменді бірден ерекше әсерге бөледі. Сахнада ән шырқаған өнерпаздарды Василий Иванов пен Никита Беляковтың дири-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Қайрат БЕГАЛИН,
Алматы қаласы Мәслихатының депутаты:

ЖЕҢІСТІҢ МӘҢГІЛІК МӘНІ

Ұлы Жеңіс – ата-бабаларымыздың қаны мен жаны арқылы келген қасиетті ұғым. Осындай кештер жас ұрпақтың жүрегіне елге деген сүйіспеншілік пен бейбіт өмірдің бағасын ұялатады. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, келешекке сеніммен қарауға жетелейтін тағылымды сәт. Бүгінгі кеш – тек өнер мерекесі ғана емес, тарихпен тілдескен, жүректерді біріктірген, өткенге тағзым мен болашаққа аманат жүктеген рухани кеш болды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

Алматыда «Экомед» репродуктивті денсаулық клиникасының 30 жылдығына, сондай-ақ еліміздегі қосалқы репродуктивті технологиялар мерейтойына орайластырылып, жаңа ғимарат ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Салтанатты жиында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың ізгі лебізін білдірген құттықтау хатын Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсия Ақанова оқып берді.

Ғимараттың алдына мыңдаған қазақстандық отбасының үміті мен сенімі іспетті «Аңсаған сәби» мүсіні орнатылған. Бұл композицияда ананың жылы алақанында алаңсыз отырған бақытты балдырғанның бейнесі көрініс тапқан. Сондай-ақ, аталған мүсін Мемлекет басшысының 2020 жылы, бала сүйе алмай жүрген ерлі-зайыптыларды қолдау үшін іске қосқан «Аңсаған сәби» бағдарламасымен үндес десек болады. Осы бірегей жобаның нәтижесінде жарық дүниеге 9 мыңнан астам дені сау бала келіп, талай шаңырақты бақытқа бөледі.

Ең қызығы, жаңа ғимараттың ашылу салтанаты ресми форматқа емес, миссиясы мен табиғатына сай жылы сәттерге толы болды. Ақ халатты абзал жандардың құшағын алқызыл гүлдер көмкерді. Оларды сүп-сүйкімді балаларын құшақтаған, жетектеген бақытты ата-аналар қаумалап тұрды.

Сәби сүюді армандап жүрген жұптарға бақыт сыйлауды мақсат тұтқан кәсіби дәрігерлер шоғырланған жаңа ғимараттың ашылу салтанатында «Экомед» клиникалар тобының негізін қалаушы және ғылыми директоры, биология ғылымының докторы, профессор Салтанат Байқошқарова сөз сөйледі.

«Экомед Алматы» клиникасының жаңа ғимараты әлемдік деңгейдегі ең

МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Алматыда «Аңсаған сәби» мүсіні орнатылды



(Суреттерді түсірген автор).

заманауи жабдықтармен, соның ішінде жасанды интеллект технологиясы бар Embryoscope Plus инновациялық жүйесімен және сәтті тұжырымдама мүмкіндігін айтарлықтай арттыратын Piezo ICSI бірегей жапондық әдістемесімен жабдықталған.

«Экомед» экстракорпоральды ұрықтандырудың алғашқы шағын зертханасы елімізде 1995 жылы сәуірде ашылды. ЭКО әдісімен дүниеге келген алғашқы қазақстандық сәби 1996 жылы 31 шілдеде дүниеге келді. Бұл қыз жақында 29 жасқа толады.

ПЕРЗЕНТ АЛҒЫСЫ

ШАҢЫРАҚҚА НҰР БОП КЕЛДІМ

Менің ата-анам сегіз жыл бала сүйе алмай жүргенде, талай сынақтан өтсе де, жақсы күндерден үмітін үзбей, қол ұстасып осы «Экомед» орталығына келген екен. Нәтижесінде өмірге мен келдім. Әр туған күнімде әкем «есінде болсын, қызым, сенің өмірге келуіңе себепші болған екінші анаң Салтанат Берденқызы» деп отыратын. Кейін бойжете бастаған шағымда көкейіме осы жанды іздеп тауып, танысып, рахметімді айтсам деген арман қонақтады. Әлеуметтік желіден бүгінгі орталықтың ашылатынын оқып қалып, сол сәт енді туғанын сездім де, Салтанат апайдың парақшасына кіріп, жекесіне шықтым. Бірден «келе ғой, айналайын, біз сені күтеміз» деді. Әкем екеуміз Қапшағайдан Алматыға алып-ұшып жеттік. Біздің шаңыраққа нұр, маған жарық өмір, ал ата-анама толық бақыт сыйлаған Салтанат Берденқызы мен Батыр Қаратайұлына басымды иемін!

Диана ҚАНАТҚЫЗЫ,
23 жаста.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА,
«Экомед» негізін қалаушы және ғылыми директоры, биология ғылымының докторы, профессор:

Арманым – бедеулікті түбегейлі жою

Менің арманым – бедеулікті түбегейлі жою. «Аңсаған сәби» мүсіні балалы болуды армандайтын барлық отбасы үшін үкілі үміттің символын білдіреді. Бүгінгі күні елімізде әрбір алтыншы жұп бедеулікке тап болып отырған кезеңде, біздің мақсатымыз – қоғамның назарын репродуктивті медицина мен заманауи технологияларды қолдау мен дамытудың маңыздылығына аудару. Біздің клиникалар жастардың отбасын жоспарлау тақырыбына саналы түрде жақындай түсуі, осы мәселеде көзі ашық болуы және олардың өздерінің репродуктивті әлеуетін алдын ала білуі, сол арқылы өмірге дені сау жаңа ұрпақ әкелуі үшін құрылуда. Сондықтан осы клиникада Қазақстанның жаңа буыны пайда болатынына сенімдімін.

Осы 30 жыл ішінде ЭКО арқылы 20 000-ға жуық бала өмір есігін ашты. Бүгінде «Экомед» бедеулікпен күресте үміт пен сәттіліктің символына айналып үлгерді. Қазіргі күні репродуктивті медицина саласында танымал көшбасшыға айналған аталмыш холдингтің еліміздің 12 қаласында 14 клиникасы бар.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

өмір сапасы мен қала тұрғындарының жайлы тұрмысына жол ашады

Алматыда мегаполистің барлық аудандарын қамтитын көше-жол желісін санитарлық тазалау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Ернұр
РЫСБАЙ

Күнделікті санитарлық тазалау жұмыстарына 980-ге дейін арнайы техника бірлігі және 1360 жол жұмысшысы жұмылдырылып отыр.

Қалалық инфрақұрылымды жақсарту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі – көлемі ұлғайтылған (120 литрге дейін) 12 мың дана көше қоқыс жәшіктерін орнату болды. Бұл іс-шара көшелердің тазалығын сақтауға және қоқыс деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

• 1 наурыз бен 1 сәуір аралығында Алматы қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елдімекендерді абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жалпыұлттық бастама аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты қалалық науқан өтті.

• Науқан аясында санитарлық жағдайды жақсартуға, көгалдандыруға және қалалық ортаның жайлылығын арттыруға бағытталған 222 іс-шара жүзеге асырылды.

Қазіргі таңда: «Жауапты бизнес – таза қала» (кәсіпкерлік субъектілерімен іргелес аумақтарды ұқыпты ұстау бойынша жұмыстар), «Қауіпсіз жол» (жолдарды жөндеу және жол белгілерін қалпына келтіру), «Мейірімді қақпақша» (пластикалық қақпақтарды



қайта өңдеуге жинау), «Біздің аула – біздің үй» (аулаларда тазалық жұмыстарын жүргізу), «Мерзімі өткен дәрілерді өткіз – табиғатты сақта» (фармацевтикалық қалдықтарды дұрыс кәдеге жарату туралы халықтың хабардарлығын арттыру) акциялары жалғасуда.

23 наурызда «Almaty Clean & Green» атты ауқымды экологиялық акция өтті. Оған 50 мыңнан астам адам, оның ішінде 764 КСК және МИБ өкілдері қатысты. 350-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Алма, алмұрт, қарағаш, акация, үйеңкі және күл ағашы секілді түрлерінен 10 мыңнан астам ағаш отырғызылды. 8 мың текше метрге жуық қоқыс жиналып, полигонға шығарылды.

1 сәуірден «Фасадтан фасадқа дейін» атты акция басталды. Бұл акция

аясында аула маңындағы аумақтар, тротуарлар, көгалдар, арық желілері және жол бөлігі қамтылып, мердігер ұйымдар санитарлық тазалау, абаттандыру және ағымдағы жөндеу бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде.

Сондай-ақ, акция абаттандыру паспорттарына сәйкес іргелес аумақтарға бекітілген ғимарат иелерін тартуға бағытталған, бұл кәсіпкерлік субъектілері арасында тазалық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың маңызды бағдары болып табылады.

Ғимарат иелері мен бизнес өкілдері бақылаушы ғана емес, қалалық жайлы ортаны қалыптастыруда белсенді қатысушыларға айналууда.

Жүйелі және кешенді тәсілдің арқасында 8 қала учаскесінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Биылғы жылдың соңына дейін жалпы ұзындығы

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

«ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК»

Алматыда мобильді қоғамдық қабылдау өтті

«АМАНАТ» партиясының «Құқықтық көмек» жобасы аясында кезекті мобильді қоғамдық қабылдау өтті. Іс-шара қаланың ірі бастауыш партия ұйымдарының бірі, Ұлттық госпиталь базасында ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасында ұйымдастырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қабылдау барысында Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ білікті заңгерлер мен партияның орталық аудандық филиалының өкілдері азаматтардың сұрақтары мен мәселелерін тыңдап, көмек көрсетті. Кеңес алуға келген тұрғындар зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Найля АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ,
«Аманат» партиясының Орталық аудандық филиалының төрағасы:

КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТҚА ЕСІГІМІЗ АШЫҚ

Бұл іс-шараны ұйымдастырмас бұрын тұрғындар арасында шағын сауалнама жүргізіп, халықты қандай мәселелер мазалайтынын анықтадық. Қабылдауға нақты сұранысқа ие сала мамандарын шақырдық. Халықтың мұң-мұқтажына құлақ түріп, нақты әрі уақытылы көмек көрсетуді мақсаттық еттік. Бұл – партиямыздың «Құқықтық көмек» жобасы аясындағы іс-шара. Қабылдауға келген азаматтар көмек алып, ризашылығын білдіріп жатыр. Қай аймақтан келсе де, көмек сұраған әр адамға бағыт-бағдар беруге, кеңес беруге дайынбыз. Қызметкерлерге ғана емес, осы емханада тіркелген емделушілерге, тіпті кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдарға да есігіміз ашық.

ӘЛЕУМЕТ

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ

азаматтарға көмек көрсету мақсатын көздейді

Бұл жоба несие тәуелділігіне бұшырап, одан құтылу жолдарын таба алмай, дағдарысқа түскен азаматтарға көмек көрсету мақсатында қолға алынған. Ел Үкіметі халықтың несиелік жүктемелерін төмендетіп, оны төлеу жолдарын жеңілдетуді қарастырып отыр. «АМАНАТ» партиясының бастамасымен қолға алынған «Қарызсыз қоғам» жобасына қаржы сарапшылары тартылып, олар жер-жерде борышкерлерге қарыздан құтылу жолдарын түсіндіріп, тегін кеңес беруде.

Нұрлан
СҮЙІН

Алматыда аталмыш жоба әр аудан орталықтарында, «АМАНАТ» партиясы филиалдарында ұйымдастырылған. Білікті мамандар әр ауданға барып, қабылдауға келген қала тұрғындарымен жүздесіп, жан-жақты білікті кеңес береді. Былтырғы мәлімет бойынша, Қазақстанда 8,4 миллион адам кредитке тәуелді болған. 2023 жылдан бері несие алып, одан құтылудың жолын таппаған 245 мыңнан астам тұрғын «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша кеңес-көмек алған екен. Биылғы жыл басынан мыңнан астам борышкерге кеңес берілген.

Біз мегаполистің Наурызбай ауданында партияның аудандық филиалының ұйымдастыруымен өткен жоба аясындағы кеңес беру іс-шарасына қатыстық. Бірнеше сарапшы қабылдауға келген тұрғындармен сөйлесіп, барынша түсінікті кеңес беріп жатты. Қарыздан құтылудың жолда-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіт
ШАХАНОВ,
Алматы
қаласы
әкімінің
орынбасары:



Абаттандыру жұмыстары жалғасады

Акцияға барлық дерлік үй иелері мен бизнес өкілдері қатысуда. Олар абаттандыру паспорттарын алды және енді іргелес аумақ үшін жауап береді. Олар өз аумақтарының сыртқы көрінісін – бағаналарды, маңдайшаларды, баспалдақтарды ретке келтіріп, бағаналарды бояуы керек.

Акция аясында 158 абаттандыру паспорты жасалды және кәсіпкерлерге 43 әкімшілік айыппұл салынды. Әр көше учаскесі үшін әртүрлі құрылымдар жауап береді. Мысалы, бағаналарға аудандық әкімдіктер жауапты болса, жолдар мен бағдаршамдарды жөндеуге Қалалық мобильділік басқармасы жауап береді. Абаттандыру жұмыстары жалғасады, соның нәтижесінде қаламыз ұқыпты әрі көрікті болады.

шамамен, 355 км болатын 142 учаскені қамту жоспарлануда.

Экологиялық акциялардың мәні – көшелерге ұқыптылық беріп, қалалық ортаға жаңа өмір сыйлау, оны тек таза ғана емес, әдемі, жайлы, нағыз тірі ету. Бұл тек тазалау емес – бұл өмір сапасы мен қала тұрғындарының көңіл күйіне қосылған үлес. Алматы қаласы әкімдігі қала тұрғындарын тазалықты сақтауға шақырып, қаланы бірге абаттандыруға белсене қатысуға үндейді, өйткені «Алматы – біздің ортақ үйіміз».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәтжан ИМАНҒАЛИЕВ,
қаржылық сарапшы:

КЕҢЕС-КӨМЕК ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕДІ

Тұрғындардың көбі несие алғанда одан құтылу жолдарын дұрыс есептемей немесе оқыс жағдайға ұшырап, осындай күйге түсіп жатады. Бұған бір жағынан несиелік жүйенің шикі тұстары да кінәлі. Қаржылық сарапшылардың міндеті – әрбір келушіге несиеден құтылу жолдарын барынша түсіндіріп, көмек көрсету. Біздің жұмысымыз – орталықтандырылған кеңес-көмек болғандықтан да тегін көрсетіледі. Алдымызға кейде сырттан жекелеген кеңесшілердің көмегіне жүгініп, алда-нып қалғандар да келеді.

Бүгін Наурызбай ауданында жұмысты бастаған бір сағатта 4-5 адамға кеңес беріп үлгердім. Кеше Әуезов ауданында болып, оннан астам адамға кеңес берген едім. Келушілер өз мәселесі бойынша толыққанды жауап алып қайтуда.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

қаланың тыныс-тіршілігін жақсартуға бағытталған 240 ұсыныс әзірледі

Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі үш жылда алматылық азаматтардың жүздеген өтінішін шешуге атсалысты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Ақпараттың ресурс орталығы» ҚҚ директоры Алтынай Көбеева хабарлады.

Оның айтуынша, эксперттік топ ерекше назар аударған бағыттардың бірі – кейінгі үш жылда 85 қоғамдық мониторинг өткізіліп, 262 нормативтік құқықтық актіге сараптама жасалған. Сонымен бірге, экология,



«Біз әрқашан ашықпыз, халыққа жақынбыз»

Спикер Қоғамдық кеңестің мемлекет пен азаматтық қоғам арасында байланыс орнататын тиімді алаңға айналғанын атап өтті. Кеңес мүшелері қоғамда туындаған мәселелерді назарға алып қана қоймай, оның шешудің нақты жолын ұсынады. «Үш жылда қала тұрғындары мен заңды тұлғалар-

дан 891 өтініш түсіп, 795 өтінішке нақты жауап берілді. Қоғам мен биліктің арасында дәнекер болып, байланыс орнатуда Қоғамдық кеңестің орны ерекше екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Қаланы қолдан келгенше алматылықтарға қолайлы етіп, ізгілендіру үшін кез келген адамның арыз-шағымын аяқсыз қалдырмауға барымызды салып жатырмыз. Біз әрқашан ашықпыз, халыққа жақынбыз», – деді Алтынай Көбеева.

денсаулық сақтау, рухани тәрбие, қоғамдық көлік, сервистік полицияға қатысты ең маңызды мәселелер қаралған 6 қоғамдық тыңдау ұйымдастырылып, 28 «дөңгелек үстел», қала және аудан әкімдерімен 140 кездесу өткен.

Жиын соңында спикерлер Қоғамдық кеңестің алдағы уақытта да қала тұрғындары мен мемлекеттік органдар арасындағы диалог алаңы болып қала беретінін атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгүл ШӨПШЕКБАЕВА,
№1 комиссия төрағасының орынбасары:

Арыз-өтінішке арнап QR-код енгізілуде

Комиссиямыздың басқосуларының нәтижесінде алматылықтардың өмір сапасын, қаланың инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған 240 ұсыныс жасалды. Алматыдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен жүйелі түрде жұмыс істеуге көп көңіл бөлінген. ТҚК, көлік пен экология саласындағы жемқорлықты жоюды көздейтін іс-шаралардың жоспары жасалған. Соның бірі – ұсыныстың орындалу барысын қадағалап, оқытып, цифрлық шешімдерді өндіріске енгізу. Біз билік органдарының ашық болғанын, есеп беріп отырғанын қалаймыз. Цифрлы құралдар, карта жасап, арыз-өтінішке арнап QR-кодтар енгізіп жатқанымыз содан. Халық осының арқасында ақпаратты тікесінен алып, қоғамдық бақылау да күшейеді.

Гүлмира БАЙҒАБЫЛОВА,
№2 комиссия төрағасы:

«Көліксіз аула» концепциясы да маңызды

Біздің комиссия мүшелері құрылыстың жаңа ережесін, абаттандыру, көлік саясаты, бас жоспар, дизайн-код сияқты құжаттарды әзірлеп, оларды талқылауға атсалысты. Қазіргі күні көшені жарықтандыруға байланысты ұсыныс қабыл алынып, қолға алынды. Автономды қазандықтарды бақылау және электр қуатын когенерациялау бойынша жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ, инклюзивті жобалау, нысандарды құжаттау, «көліксіз аула» концепциясын дамыту мен қоғамдық көлікке отырғызуды көздейтін көпвекторлы тұраққа байланысты жобаларды да іске қостық. Көпірдің астындағы алаңқайларға арналған «жылдам жеңу» деп аталатын жобаның қолға алынуы да – тың бастамалардың бірі.

Марлен РЫСБЕКОВ,
Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар ісі жөніндегі комиссияның төрағасы:

Жастар саясаты да назардан тыс қалған емес

Біз Алматы зообағын, театрларды, архивтер мен тарихи ғимараттарды аралап, олардың жағдайына сараптама жа-

садық. Анықталған проблемаларды Мәдениет және спорт басқармасымен бірге шешу жолдарын талқыладық. Біздің комиссия Алматы ипподромы, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов музейлері секілді маңызды нысандарға барып, үш кезеңнен тұратын мониторинг жүргізді. Спорт және жастар саясаты да назардан тыс қалған емес. Мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыс істейтін спорт клубтарының жұмысына талдау жасалып, «Даму бала» жобасына тәуелсіз сарапшылар баға берді. Жыл соңында ата-аналармен, кәсіпкерлермен, депутаттармен және аудан әкімдіктерінің өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды.

Нұржан ЖАҚЫПОВ,
№4 комиссия төрағасы:

Талдау жұмыстары жолға қойылған

Біздің комиссия туризмге арналған ақпараттық пункттер, шағын және орта бизнес өкілдері, цифрлық платформалар мен квазимемлекеттік ұйымдардың ашықтығы бойынша талдау жүргізді. Ұсыныстарды сосын мемлекеттік органдар мен министрліктерге жолдадық. Сонымен қатар, комиссия жылжымалы сауда нысандарын дамыту, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және синтетикалық нашақорлықпен күрес тақырыбында «дөңгелек үстелдер» өткіздік. Тиісті шешімдер қабылданып, сол бағытта жұмыстар қолға алында.

Богдан ДЖЕПКА,
№5 комиссия мүшесі:

«Инватакси» игілігі зор

Біз Жұмыспен қамту басқармасымен бірлесіп, мүгедектігі бар балаларға арналған «Инватакси» бағдарламасын іске қостық. 450 жүргізуші оларды көлікке отырғызып-түсіру әдісін меңгерді. Қазір мүмкіндігі шектеулі жандар тарапынан шағым азайды, оқытуды жалғастырып жатырмыз. Сондай-ақ, балалардың мүгедектігін ерте анықтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Перзентханалар мен емханаларда жүргізілген мониторингтің арқасында уақытылы емдеу және отбасылық қолдау көрсету мүмкіндігі артқан. Қоғамдық кеңес қалалық инфрақұрылымды бейімдеу, қоғамдық көлік пен мекемелерді қолжетімді ету мәселесін тұрақты бақылауда ұстап отыр.

ІЛТИПАТ



Толунай НИЗАМОВА:

ҚАЗАҚТЫҢ БЕСІК ЖЫРЫ ҰНАЙДЫ

Жуырда Алматы технология және флористика колледжінде Наурыз мейрамы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы қатар аталып өтілді. Аталған колледжде 19 этностың өкілі білім алуда.

Аталған іс-шара барысында студенттер әр ұлттың ұлттық киімін киіп, сол ұлттың өнерін көрсетті. Алматы технология және флористика колледжінің өнерлі студенттері әсем әннен шашу шашып, мың бұрала билесе, көршілес «Сән және мода дизайн» колледжінен студенттер арнайы келіп, күмбірлеген күймен кештің сәнін кіргізді. Мерекеге келген қонақтар мен ата-аналарға, студенттерге тегін көже таратылып, ыстық бауырсақ ұсынылды. Осынау ұлық мерекеге ұйғыр қызы Толунай Низамова да келген екен. Әңгімеге тарттық.

– Мен де осы кештің мейманы болғанымна қуаныштымын. Ұлтымның киімін киіп келдім. Талай этностың басын біріктіріп отырған осынау бейбіт елде өз тілімізді де, мәдениетімізді де ұмытпай, бәріміз ауызбіршілікпен өмір сүріп жатқанымыздың өзі үлкен жетістік.

Қазақ пен ұйғыр халқының ұқсастығы өте көп. Ең бірінші ұқсастығымыз – мұсылманбыз. Одан кейінгі ұқсастығымыз – біз де үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді қатты ұстанамыз. Салт-дәстүрге берікпіз. Келіннің сәлем салуы, баланы қырқынан шығару, ұлды сүнетке отырғызу, бесік той, шілдехана, тұсаукесер салты да ұйғырларда бар.

Маған қазақтың тұрмысқа шыққан қызына әкелетін қалыңмал дәстүрі ұнайды және өте дұрыс деп есептеймін. Бесік жыры, той жыры ұнайды. «Таспен атқанды аспен ат», «Бейнет түбі – зейнет» секілді нақыл сөздеріңіз мағыналы.

Біз қазақтан да, орыстан да келін алдық Қандай ұлтпен құдалассақ та, тату-тәттіміз. Ең бірінші орынға сыйластықты қоямыз. Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырмыз. Бір немереміз бар. Бәрі қазақша біледі. Жұмыстан тыс уақытта спортпен айналысқанды ұнатамын, бассейнге барамын, тауға шығамын. Ән салып, би билейтін де өнерім бар. Өнер де ұлттарды бірбіріне жақындастырады деп білемін.

Еліміздегі ең үлкен мегаполис – Алматыда тұру бақыты бұйырғанына қуаныштымын. Алматы қаласы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде әділет капитанымын. Әріптестерім түгел қазақ. Ұжымда ауызбіршілік мол. Мен сотталған жасөспірімдердің еңбегін ұйымдастыру тобының аға инспекторымын. Балалар колониясында жазасын өтеп жатқан жеткіншектердің жұмысын қадағалаймын. Оларды адал еңбекке баулимыз. Тапқан азын-аулақ табысын үйіне жіберуіне, отбасын қуантуына дәнекер боламыз. Олардың да қоғамға керек екенін сезіндіру, өмірге деген құштарлығын жоғалтып алмай, жақсы күндерден үмітін үзбеуі үшін қолдау көрсетіп отырамыз. Біз үшін барлық бала – ортақ. Олар осы жерден аяғын жаза басқан қателігін түсініп, жақсы азамат болып, бізге алғысын айтып шығып жатса, біз үшін үлкен мәртебе сол, – дейді Алматы қаласы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекеме қызметкері әділет капитаны Толунай Низамова.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



1 МАМЫР – БІРЛІК КҮНІ!

БІР КӨШЕДЕ ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл атаулы күн достық пен татулықты басты бағдар еткен ел халқы үшін айрықша мәнге ие. Алматы іргесіндегі елдімекендердің бірінде әр ұлт өкілдері жиналған, түрлі тағдыр тоғысқан бір көше бар. Берекелі де мерекелі бұл көше – Панфилов ауылындағы Қ.Құрманов көшесі. Онда қазақтармен бірге грек, ұйғыр, орыс, татар, түрік ұлттарының өкілдері бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп келеді.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**


Елімізде сан түрлі этнос өкілдерінің тағдырын тарихтың ащы парақтары тоғыстырды деуге болады. Сонау ашаршылық пен қуғын-сүргін кезеңдері, жаппай депортациялау жылдары қазақтың кең құшағына әлемнің әр халқы келіп паналаған еді. Дәуірдің алмағайып кезеңдерінен өткен сайын солар бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай өзара бауыр басып, араласып кеткен. Біз айтып отырған Құрманов көшесіндегі риясыз картина осыны айғақтаса керек.

Әр отбасының өз тағдыры, өз өмір жолы бар. Бірақ барлығын біріктіретін қасиет – өзара сыйластық пен достық. Айтуға тұрарлық ең бір артықшылығы – мұндағы әр отбасы көршісін жақын туысындай қадірлейтіні. Ол болса күнделікті қарапайым іс-әрекеттерден көрініп жатады. Кейде көшеде балалар ойнап жүріп, велосипедтері мен ойыншықтарын ұмытып кетсе, көршілер оларды өз үйлеріне кіргізіп қояды. Егер біреу қақпасын ашық қалдырса, өзгелері үнсіз жауып кетеді. Кез келген ортақ мәселе болса, тұрғындар бірлесе отырып шешеді. Сондықтан да бұл көше шынайы бірліктің мекеніне айналған.

Жаңару мен ізгілік шуағы сын-Наурыз мерекесі келгенде бұл

көшеде берекенің қазаны тіпті де қайнай түседі. Мерекелік басқосударларда көше тұрғындары бір қазаннан ас ішіп, алқа-қотан отырысып, шүйіркелесіп тарасады.

Құрманов көшесінде заманауи жағдай жасалған: асфальт жолдары тегіс, түнде көшені жарық шамдар нұрға бөлейді. Қазір көше бойындағы әр аулада гүлдер егілуде. Айналаны көгалдандыру ісіне де тұрғындар бірге атсалысып жатыр. Мұнда әр көктем – жаңа үміттің, жаңа достықтың бастауы секілді.

**София мен Анастас
Делеоридистер (грек отбасы):**

– Біз бұл көшеде 50 жылдан бері тұрамыз. Алғаш келгенде айнала ашық дала еді. Қазақ халқы бізді бауырындай қарсы алды, қиын-қыстау күндерде қолдау көрсетті. Сол күндер үшін алғысымыз шексіз. Бүгінде көршілеріміз бізге туыстай болып кеткен. Қуанышта да, қайғыда да біргеміз. Біздің басты байлығымыз – бірлік пен бейбітшілік.

**Аюпжан мен Гүлбахрам
Сескаевтар (ұйғыр отбасы):**

– Ұлтымыз әртүрлі болса да, жүрегіміз бір. Біздің көшеде ең бастысы – адамның ұлты емес, оның адамгершілігі маңызды. Түрлі жағдайлар туындаса да, бір-бірімізге қолұшын беруді қашанда бірінші орынға қойып келеміз. Иншалла, осы береке-бірлігімізден айырмасын деп тілек тілеп отырамыз.

**Рүстем мен Зәуреш
Күртібаевтар (қазақ отбасы):**

– Қазақ жері түрлі ұлттарды бауырына басқан асыл мекен. Біз де көршілерімізбен бір шаңырақ астында өмір сүріп келеміз. Өзім медбике ретінде әрдайым көршілеріме көмек қолын созуға дайынмын. Біздің балаларымыз да ұлтқа бөлінбей бірге ойнап, бірге өсіп келеді. Бейбіт өмір мен татулықтың шынайы көрінісі осы болар.

Түрлі тағдырлар тоғысып, татулық ортасына айналған мекенде ең бастысы, ниет пен армандар тоғысқан. Мұндағы тұрғындар достық пен өзара сыйластықты өмір заңы ретінде қабылдаған.

Ендеше, 1 мамыр – тек мереке емес, жүректердің үндескен күні. Әртүрлі ұлт өкілдерінің бір көшеде бір отбасыдай тату өмір сүруі – Қазақстандағы бейбіт өмір мен келісімнің жарқын белгісі. Көше тұрғындарының ынтымағы әр аулаға, әр көшеге үлгі болса екен дейміз.

Светлана КАМАЛҚЫЗЫ:

ҚАЗАҚСТАН – ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНЕН ОРЫН АЛҒАН ҚАСИЕТТІ ОТАНЫМ

Ынтымақ пен татулықты ту еткен елімізде 1 мамыр – Бірлік күнінің маңызы ерекше. Бұл мереке ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанын айқындайды. Сол ұлттардың арасында қазақ топырағына өз еркімен емес, түрлі тағдырмен келгендері де бар. Осы орайда қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға қоныс аударған түрік-месхетин халқының тарихына тоқталмай өте алмаймыз.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

1944 жылы 14 қарашада Грузияның Месхетия аймағында тұратын түрік-месхетин ұлтының өкілдері күштеп Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанға жер аударылды. Түріктердің басқа да ұлттар сияқты туған жерін тастап, күштеп депортацияланғанына биыл 81 жыл толады. Сол бір күздің қара суығында 92 мыңнан астам түрік-месхетин ұлтының өкілі Грузиядан қоныс аударады. Жолда 13 мыңнан астам адам аштық пен суықтан көз жұмды. Бұл – Кеңес дәуіріндегі ең қайғылы депортациялардың бірі ретінде тарихта қалды.

Иә, қазақ жері талай тағдырлы халықтың құтты мекеніне айналды. Қазақ даласынан пана тауып, осы елде өмір сүріп жатқан жандардың бірі – Амзаевалар отбасы. Әулеттің үлкендері туған топырағы Грузиядан күштеп көшіріліп, бір топ қандастарымен бірге Алматы облысы, Түрген ауылына табан тірейді. Әке-шешесінен естіген сол кездердің азапты естелігін

Светлана Амзаева әлі күнге дейін балаларына аманат етіп айтып отырады. Өйткені, олар бүгінгі бірлік пен ынтымақтың қадірін бәрінен жақсы түсінеді.

Светлана Амзаеваның естелігіне сүйенсек, қаралы күндерде оның ата-анасын еш дайындықсыз, бір сәтте пойызға тиіп әкеткен. Жүздеген отбасы бар жиған-тергенін, малын сол жерде қалдырып, үдере көшкен. Жиналуға да уақыт бермеген.

«Қазақ халқы оларды жатсынбай, жүрек жылуымен қарсы алды. Шаңырақтарынан орын берді, қолындағы барымен бөлісті, жұмыс тауып беріп, қатарға қосты. «Біз сол сұрапыл күндерден тірі қалуымыздың өзі бір ғажайып еді», – деп анам жиі еске алатын. Кейін оларды жан-жаққа бөлді. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтың бір бөлігі Өзбекстанға, енді бірі Қырғызстан мен Ресейге көшірілді. Біздің тағдырымыз Қазақстанда тоғысты. Алғашқы күндері оларға мүлдем жат жерде, танымайтын адамдардың арасында өмір сүріп кету оңай болмады. Бірақ қазақ халқы жатсынбады. Қолындағы барын беріп, осында жаңа өмір бастап, аяқтан тұруға



жәрдемдесті. Жан жылуын аяған жоқ», – дейді Светлана Камалқызы.

Оның анасы бар болғаны екі сынып оқыған. Бірақ балалары Қазақстанда туып, мектепте толыққанды білім алғанын риза көңілмен еске алатын.

«Мен көпбалалы отбасында өстім, он бірінші перзентпін. Ағаларым мен әпкем осында мектепті тәмамдап, кейбірі жоғары білім алып, өз жолын тапты. Қазақ халқы бізге үнемі қолдау көрсетті. Мен осы киелі топырақта өмірге келдім, білім алдым, бақытты балалық пен жастық дәуренді бастан кешірдім. Қазақстан – менің Отаным, жүрегімнің төрінен орын алған қасиетті мекен. Өмірлік серігімді жолықтырып, шаңырақ құрдық. Балаларымды да осы мекенде дүниеге әкелдім. Елімізде әрдайым бейбітшілік пен ынтымақ болсын!»

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**Гунеш ИБРАГИМҚЫЗЫ:****ЕЛІМНІҢ ДАМУЫНА, БІРЛІГІНЕ
ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСУ МЕН ҮШІН
ӨТЕ МАҢЫЗДЫ**

Есімді білгелі атам мен әжемнің қиын тағдырын, олардың дүниеден өткенше қазақ халқына алғысын айтып өткенін естіп өстім. Туыстарымның айтуынша, 1944 жылдың 14 қарашасындағы қуғын-сүргін олардың өміріндегі ең ауыр күн болыпты. Сол күні оларды бар дүние-мүлкін тастап, басқа елге күштеп көшірген. Олар алғашқыда бәрі аяқталған соң, туған жерге қайта ораламыз деп үміттенген екен. Бірақ бұл үміт орындалмады. Анамның бауыры, яғни нағашы ағамның айтуынша, көп адам сол күні пойызға үлгеріп алмай, отбасынан ажырап, туған жерінде қалып қойған. Кейбірі туған жеріне оралуды армандаған. Бірақ олар құтты қонысы болған қазаққа ерекше алғыс айтып, осы елде өсіп-өніп, ұрпақ өрбіткендеріне шүкіршілік етіп отыратын.



Сөз соңында кейіпкеріміз ынтымақ пен достық шаңырағында бақытты өмір сүріп жатқаны үшін қазақ халқына ризашылығын білдіріп, зор алғысын жеткізді:



«ҚАЗАҚСТАН – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік іс-шара өтті

Қазақстан халқының Бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойына арналған іс-шараны Алатау ауданындағы «Шапағат» ықшамауданында орналасқан №151 жалпы білім беретін мектеп пен Алматы қаласындағы дүнгендер қоғамының этномәдени орталығы жанындағы Аналар кеңесі бірлесіп ұйымдастырды.

Алматы – ұлттар достығы мен келісім мекені. Бүгінде мұнда бірнеше ұлт өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Сондықтан бұл тек бір оқу орнының мерекесі ғана емес, еліміздің татулығы мен шынайы достығының салтанат құрған күні болды. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бірнеше ұлт өкілі өздерінің Отаны болған Қазақстанды жырға қосып, әнге арқау етті. Қазық аспан астында өткен мереке мәдениеттер мен дәстүрлер тоғысып, бір-бірін толықтыратын, бейбітшілік пен келісімнің шынайы көрінісіне айналған сәтке толы болды.

Салтанатты мерекені мектеп басшысы Толқын Қарымсақова ашты. «Біздің мектепте 20-дан астам ұлттың өкілі білім алып жатыр. Барлығы бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай. Өйткені, біздің ортақ мекеніміз – тәуелсіз Қазақстан деп аталады. Қашанда мемлекеттің бірлігі бәрінен биік тұруы керек. Біз осынау дархан далада дүниеге келдік, осында білім алып, өмір сүріп жатырмыз. Бейбіт елдің бақытты бесігінде тербелген әр ұлттың баласы еркін білім алып, өз ұлтының мәдениетін сақтап, оны дамытуына барлық мүмкіндік бар», – деді мектеп басшысы.

Керемет көңіл күй сыйлаған мерекелік іс-шарада әр ұлттың балалары өз халқының мәдениетімен таныстырды. Әр ұлттың дәм-тұзы, ұлттық салт-дәстүрі кештің арқауына айналды. Мектеп оқушылары сомдаған сахналық көріністер кеш қонақтары мен ықшамаудан тұрғындарының көңілінен шықты. Көпбалалы ана Айнагүл Бақытбекқызы: «Менің қызым қазақша да, орысша да, дүнген тілінде де сөйлейді. Бүгінгі іс-шарада ол дүнген биін биледі. Біз үшін бұл үлкен мақтаныш. Осындай ортада өсіп келе жатқан ұрпақ – еліміздің ең басты байлығы», – деп, «Шапағат» ық-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әбубакир ВОЙНЦЕ,
Алматы қаласы бойынша Қазақстан дүнгендер қоғамының төрағасы:

БІЗ ӘРҚАШАН БІРГЕМІЗ!

Бұл – жай ғана ұран емес, бұл – біздің күнделікті өмірлік ұстанымымыз. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Біз осы топырақта дүниеге келдік, балаларымыз да осы елдің азаматы. Міне, мына бақытты балаларымыз ертеңгі ел болашағының кепілі.

Лугмар БУЛАРОВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтай мүшесі:

БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН НЫҚ СЕНІМ БАР

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі этносаралық келісімді нығайтып, мәдени әртүрлілікті ұлттық бірлікке бастап келеді. Қазіргі таңда тек Алматы қаласында ғана емес, бүкіл ел бойынша Ассамблеяның бастамасымен түрлі этномәдени іс-шаралар, қайырымдылық акциялар мен білім беру жобалары жүзеге асырылып жатыр. Ыстық ықыласқа толы осынау іс-шараны еліміздің болашаққа деген сенімінің тағы бір жарқын мысалы десем болады. Оқушылардың шығармашылық әлеуеті, ұстаздардың мейірімі мен ата-аналардың белсенділігі – мұның бәрі Қазақстанның көпұлтты, біртұтас әрі мықты мемлекет екенін айқын көрсетті.

шамауданының тұрғындары атынан мерекелік іс-шараны ұйымдастырушыларға, мектеп басшысы Толқын Тұрсынқұлқызы

мен Алматы қаласы дүнген орталығының Аналар кеңесінің төрайымы Римма Масыроваға ризашылығын білдірді.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН САЛТ-ДӘСТҮР

ұлықталған тағылымды кеш өтті

Қазақстан – жүзден астам ұлт пен ұлыстың ортақ шаңырағына айналған көпұлтты мемлекет. Осынау жері кең, халқы дархан мемлекеттің сан алуан этностарының бейбіт әрі тату өмір сүруі оның басты құндылығы. Сол тұтастықты, құндылықты дәріптейтін ерекше мереке – 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қазіргі таңда Қазақстандағы этносаралық келісім мен бейбітшіліктің символына айналып отыр.

Осынау бірлік пен татулықтың ортақ мерекесін Алатау ауданындағы Иштван Коңыр Мандоки атындағы №154 жалпы білім беретін мектеп ұжымы ерекше атап өтті. «Бейбітшілік – ел тірегі» атты тағылымды кешке түрлі ұлт өкілдері қатысты. Мектеп ауласында бастау алған іс-шара барысында оқушылар ұлттық киімдер киіп, әр ұлттың салт-дәстүрімен, мәдениеттерімен таныстырды.

Достықты айшықтаған сахна да мазмұнды безендірілді. Сахна төріне кезекпен шыққан 5–9-сынып оқушылары өз

өнерлерін көрсетті. Әр сынып Қазақстанда тұрып жатқан сан түрлі ұлттың дәстүрін, өнерін шеберлікпен орындады. Сонымен қатар, бірлік пен достық тақырыбындағы танымал ақындардың өлең-жырларын мәнерлеп оқып, сахналық көріністерді сомдады. Бұл іс-шара оқушыларға тек мерекелік көңіл күй сыйлап қоймай, еліміздегі әр ұлттың мәдениетін танып,

салт-дәстүрін құрметтеуге үндеді. Мұндай мазмұнды іс-шаралар арқылы олардың бойында толеранттылық, сыйластық пен достық секілді адамгершілік қасиеттер нығая түсері анық. Қазақ, венгр, орыс, әзербайжан, кәріс, неміс, ұйғыр, украин, өзбек, тәжік этномәдени орталықтарының өкілдері мектеп ұстаздары мен оқушыларын барша қазақстандықтарды бірікті-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаламқас АЛМАСБАЕВА,
мектеп директоры:

ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Көпұлтты Қазақстанның бейбіт өмірі мен бірлігі үшін ондағы халықтардың ынтымағы мен достығы аса маңызды. Міне, сондықтан осынау күн сан түрлі ұлттар мекендеген еліміздің басты құндылығы – бірлік пен достықты насихаттайтын айтулы мейрам. Біздің басты байлығымыз – ел ішіндегі татулық пен достық. Жастарды өзара сыйластыққа тәрбиелеу – басты міндетіміз.

ретін тамаша мерекемен құттықтады. Мектеп ұжымы алдағы уақытта да осындай тағылымы мол іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастыру жалғасын табатынын айтты. Бірлік пен бейбітшілікке негізделген осындай іс-шаралар оқушылардың санасына достықтың, сыйластықтың мән-маңызын сіңіретіні сөзсіз.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



ЖЕҢІС ЖОЛЫ: ЕРЛІККЕ – ТАҒЫМ, ҰРПАҚҚА – ҮЛГІ!

РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН

Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев тұлғасын ұлықтау – бүгінгі ұрпақ үшін тағылым болар еді

«Оқөтпес» жауынгер

Соғыс басталғанда ол 17-де еді. Майданға өзі сұранады. Бірақ жасы ұрыс дала-сына аттануға жетпегендіктен, Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласына әскери дайындық мектебіне оқуға келеді. Дәл осы қаладан сонау жылдары айдалып кеткен әкесі ұлын іздеп табады. Сөйтіп, Рақымжанның рухы көтеріле түседі.

Рақымжан Қошқарбаевтың соғыстағы алғашқы жорығы Варшава маңайындағы қалың орманнан басталады. Осы жерде оны 674-полктің 1-батальонына қарайтын -ротаның екінші взвод командирі етіп бекітеді.

Әскери жаттығу мектебінен өткен жас жігіт қан майданға қаймықпастан бірден қойып кетеді. I дәрежелі «Отан соғысы» ордені осы көзсіз батырлығы үшін тағылады. Оны майдандастары ширақ, пысық, сергек, зеректігі үшін құрмет тұтқан деседі.

...1946 жылдың 20 сәуірінде Рақымжан Қошқарбаев пен оның қаруластары Прецель елдімекенін фашистерден тазартады. Келесі күні әлсірегеніне қарамастан, қазақ батыры басқарған взвод Берлин іргесіндегі Карф қаласын алады. Осы шайқаста жау оғы Қошқарбаевтың оң қабағын жырып өтеді. Басына жарақат түседі. Мұны көрген Твердахлев деген комбат-



бораған оқ сәл саябырлағандай болды. Көк түтін бе, көтерілген шаң ба, алдымыз бұлыңғыр тұман болып кетті. Оның арасынан фашистердің ордасы әрең көрінеді. Осы бір бұлыңғыр сәтті пайдаланып жүгірсек, жау бізді Рейхстагқа жеткенше көрмей қалуы мүмкін деген оймен алға ұмтылуға бел байладық.

– Ал, кеттік! – дедім де, орнымнан тұра жүгірдім алға қарай. Булатов та құстай ұшып, менен оза берді.

– Қарайлама, тарта бер, жүгір! – дедім айғайлап.

Діңгектің қалқасында тұрып Рейхстагқа қарадық. Алдымен көзге түскені тарс бекітіліп, сырт жағын ағашпен айқұш-үй-қыш шегелеп тастаған үлкен есік, тас бағаналар мен мәрмәр діңгектер, кірпішпен, іші әлденеге толы қаптармен кептеліп, бітеліп тасталған үлкен терезелер.

Жалау қайда? Жеңіс жалауы! Ол менің қолымда тұр еді. Ал қай жерге тігу керек жалауды? Неғұрлым биігірек жерге бекіте алсақ жарар еді. Әне, үйдің екінші қабатына таяу, астыңғы терезенің бір-екі кірпішін снаряд жұлып түсіріп, кетік болып қалыпты. Әзірге бұған қолайлы жер осы.

Сол тұсқа таяп бардым да:

– Гриша, шық менің иығыма, ана бір терезенің жоғарғы жағындағы кетікті көріп тұрсың ба? Жалауды сол жерге бекіт! – дедім де, ағаш сапқа оралған қызыл матаны Булатовқа ұсындым.

Булатов аласа бойлы, талдырмаш қана жігіт. Шамасы салмағы да онша ауыр болмаса керек. Қабырғаға жабыса тұрған менің иығыма ырғып шықты. Сәлден соң жерге бір нәрсе дүңк ете түсті.

– О, не болды? – дедім тістене. Тістеніп тұрғаным, аяғым ұйып бара жатқан сияқты. Жараланғанымды енді сезіп тұрғандаймын.

– Бір кірпішті түсіріп алдым, – деді Булатов. Сосын:

– Жалауды ілдім, жолдас лейтенант! – деп жерге қарғып түсті.

Мен шегіне беріп, жоғары қарадым. Жеңіс жалауы Рейхстагта!

Булатовтың езуі екі құлағында. Балаша мәз болып тұр. Ол небәрі 19-ақ жастағы балаң жігіт. Сол сәтте жел тұрды да, біз тіккен Жеңіс жалауын толқyndатып әкетіп, одан әрі желбірете түсті».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Раиса ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ, зейнеткер-педагог, Алматы қаласының тұрғыны:

ПАРАСАТ БИГІНДЕГІ ТҰЛҒА

Рақымжан Қошқарбаевпен алғаш 1984 жылдың көктемінде танысқан едім. Мен сол жылдары Шымкент облысының «Құрсай» сегізжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жүргенмін. Көкейімді мектебіміздің атын өзгертіп, қазақтың батыр ұл-қыздарының бірінің есімін беру туралы ой жиі мазалайтын. «Әлия, Мәншүк тәрізді ержүрек қыздарымыз, Бауыржан, Талғат сынды атақты ұлдарымыз туралы көп жазылып та, айтылып та жүрген тұста ерлігіне халық бас иген Рақымжан Қошқарбаев есімін неге бермеске?!» деп ойлаушы едім. Содан Жеңістің 39 жылдығын тойлауға дайындалып жатқан кезеңде, «Оқушылардың арасынан оқу үлгерімімен де, қоғамдық белсенділігімен де айрықша көзге түскен үздіктерді Алматыға апарып, батыр ағамен көзбе-көз жүздестіріп, әңгімелесіп, сосын мектебімізге есімін беру үшін келісімін алсақ қайтеді? Сөйтіп, Жеңістің келер жылы болатын 40 жылдығына мектебімізге жаңа тарту дайындасақ» деген ой туды менде.

Жеңіс күні қарсаңында оншақты үздік оқушыны бастап, Алматыға жол тарттым. Ағамен алғашқы танысқан сәт әлі күнге көз алдымда. Қарапайымдылығы, бауырмалдығы, балажандылығы, парасаттылығы мен сыпайы мінезі де балалардың көкейінде қалды деп ойлаймын. Әр баланы жеке-жеке құшақтап, «мені Батыр ата деп келді ғой бұлар» деп бауырына басып, жеке-жеке сөйлесіп, есімдерін, жағдайларын сұрағаны тіпті таңқалдырды. Кітапты көп оқыған кісі дегенді жиі естуші едім, рас екен, мақал-мәтелдеп, би-шешендердің сөздерін келтіріп сөйлегенде, әр сөзін орнымен қолданатын білімді жан екенін байқадым.

Балаларға Отанды қалай сүю керектігі, патриот болудың мән-маңызы туралы, елге, жерге деген сүйіспеншіліктің балалардың бір-біріне деген достығынан, құрметінен басталатынын байыппен, қарапайым тілмен әңгімелеп бергенде, шәкірттерім жалықпастан, тырп етпей тыңдады бәрін. Әр балаға жеке-жеке сыйлықтар ұсынды. Міне, тектілік, қарапайымдылық, ұрпаққа деген құрмет, үлгі! Қошқар сәтте Батыр ағаны ортаға алып естелік суретке түстік. «Бұйымтайларыңызға, маған деген ыстық ықыластарыңызға рахмет, айналайындар! Мен орталарыңызда осылай аман-есен жүре берейін» деп, мектепке атын беруге үзілді-кесілді қарсы болды.

Кейін де байланысымыз үзілмеді. Алматыға келген сапарларыма хабарласып тұрдым. Кейін осында қоныс аудардым. Бірде хабарлассам, ауруханаға түсіп қалыпты. Ауылдан келген етімді пісіріп, қолдан қамыр жайып, бауырсақ, тәттілерімді де алып бардым. Сонда ағам: «Қарағым, сендер қалада қайбір жетісіп жүрсіндер?! Мына еттен ауыз тиетінін, қалғанын өздерің жеңдер, үйіңе алып кете ғой!» деп, бой бермей етті қайта салып бергені бар.

Кеңсайға жерленген Батырдың рухына тағым етіп қайтайын деп, жуырда басына бардым, такси жалдап. Жүргізуші мың болғыр бала екен, Құран оқыды. Демде көңілім жайланып қалды. Бірақ ескерткішінің айналасы қоршалмаған, ашық-шашық, соған сәл-пәл тұнжырап қалғаным болмаса... Көкейіме баяғы арман да қонақтай қалды. Алматы мектептерінің біріне Батыр есімі берілсе, игі болар еді.

Тағдырлы бала

Рақымжан Қошқарбаев анасынан ерте, төрт жасында айырылған. Ал әкесін үш бауырымен бірге «халық жаулары» деген жаламен жер аударып жібереді. Сөйтіп, бір әулеттің балалары «халық жауының» ұрпағы ретінде ауыр жұмыстарға жегіліп, сұрықсыз күндер кеше бастайды. Әлі бұғанасы да қатпаған олар бала болып ойнап, бел жазбастан, жазда шөпте, күзде масақта жүреді. Жастайынан қысымға көп ұшыраған. Білім алу, оқу олар үшін арман еді.



► Рақымжан Қошқарбаев батырмын деп кеуде соқпаған адам. Ту тіккенін жария етіп, ешкімге айтады, атақ сұрамады. Соғыстан кейін елге оралып, шаңырақ көтереді, перзент сүйеді. Алматыда тұрақтап, бірқатар жауапты қызметтер атқарады. Ол еңбегі тұтас елімізге, Алматыға әбден сіңген тұлға.

► Алматы – алып мегаполис. Соған орай білім ошағы да көп. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында Батыр рухы ұлықталып, ерлікке – тағым ретінде Кеңсайдағы ескерткіші қоршалып, есімі шаһардағы бір мектепке берілуі – ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадам болар еді.

Күндердің күнінде бозбала Рақымжан интернатқа барамын, оқығым келеді деп талпынып көрді. Оған да жолы болмады, «жетімсің» деп жылатқандар аз болмаған. Ызыланды, кектенді. Ақыры «Тайтөбе» балалар үйінен пана табады. Директоры Сәдуовтен көп қамқорлық көреді. Бала күнінен келе жатқан ызасын, өмірге деген ренішінің бойынан сейілуіне осы кісінің ықпалы көп болған екен. Жақсы адамдардың ортасында жүріп өзін-өзі тәрбиелей білген Рақымжан кітапқа құмар болып өседі. Сондағы кейіпкерлерден үлгі алуға ұмтылады.

Интернаттан соң Балқаштың фабрика-зауыт училищесіне жол салады. Күндіз оқиды, кешке өндірісте жұмыс істеп, шыңдала түседі. Өзінің естеліктерінде қоғамдық жұмысқа жиі араласқанын, мәдени кештерге де атсалысып, мандалина тартып, мұз бетінде коньки деп тепкенін жазған.

қаруласы «мұндай оқ өтпейтін баспен әлі 100 жасайсың» деп қалжыңдаған көрінеді. Кейін оны достары «Оқөтпес» деп атап кетеді.

Жеңіс жалауы

Рақымжан Қошқарбаевтың 1978 жылы Алматыда жарық көрген «Жеңіс жалауы» кітабынан үзінді:

«...Алып гаубицалар мен жан түршіктірерлік «катюшалар» атқылап жатыр. Екі жақтан жіберілген снарядтың бәрі бірдей біздің дәл төбемізге таяп ұшып жатқан сияқты. Рейхстаг тағы да түтін мен шаңнан көрінбей кетті.

Артиллерия атысы бір сағаттай айнала-төңіректі күңіретіп, жерді солқылдатты. Булатов екеуміз басымызды бірде тұқыртып, бірде үйіндіден сәл шығара қолайлы сәтті күтіп жатырмыз.

Едәуір уақыт өткен соң Рейхстаг жақтан



BATYRLARGA-TAGZYM.KZ

«БАТЫРЛАРҒА ТАҒЗЫМ»

Елімізде бірегей онлайн-портал іске қосылды

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық майдангерлерді еске алу мақсатында «Батырларға тағзым» атты бірегей онлайн-порталын іске қосты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Жобаның мақсаты – Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан қазақстандықтардың ерлігі мен жанкештілігі туралы болашақ ұрпаққа құнды ақпараттарды жеткізу. Жеңістің 80 жылдығына орай республика бойынша 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылады.

Порталда кең көлемді мәліметтер базасы бар. Сайтта қазірдің өзінде 677 мыңнан астам соғыс ардагері, оның ішінде 365 Кеңес Одағының Батыры, 4 екі мәрте Кеңес Одағының Батыры және 19 «Даңқ» орденінің кавалері туралы ақпарат жинақталған. Интерфейс қажетті ақпаратты табуға ғана емес, сонымен қатар өз ардагер туыстары туралы деректерді қосуға, жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді. Осылайша бұл портал тарихты болашақ ұрпақ үшін сақтап, батырларға тағзым етіп, құрмет көрсетуге арналған платформ



ма қызметін атқарады. Онлайн-порталды пайдаланушылар сайтқа өз туысының тарихын қоса алады: әр адамның соғысқа қатысқан жақындары туралы естеліктерін бөлісуге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, фотосуреттерді жүктей алады: әр қолданушы ардагер туысының суреттерін веб-порталға жүктеп, оның жарқын бейнесін

мәңгілікке аманат етуге мүмкіндігі бар. Ардагерлердің жаңа мәліметтерін қоса алады: веб-порталдың дерекқорында жоқ ардагерлердің мәліметтерін оңай енгізуге болады. Батырлар галереясын көре алады: сайтта қазірдің өзінде көптеген батырлардың өмірбаяндары жазылған галерея бар, кез келген қолданушы бұл бөлімнен

олардың өмірі мен жасаған ерліктері туралы көбірек ақпарат алады. Жаңалықтар үнемі жаңарып отырады: веб-порталда ардагерлерге және жобаға қатысты жаңалықтар мен оқиғалар тұрақты түрде жарияланып тұрады.

• **Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстанда «Ерлікке тағзым» республикалық апталығы басталды.**

Бұл акцияның мақсаты – батырлардың ерлігін еске алу, тарихқа тағзым ету және жастарды отаншылдыққа баулу.

Игі бастама аясында ел бойынша жалпы 86 іс-шара жоспарланған. Онда 10 мыңға жуық волонтер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысады. Волонтерлер ескерткіш аймақтарын абаттандырып, монументтерді қалпына келтіріп, ескерткіш маңын тазалауда. Сонымен қатар, ардагерлерге де көмек көрсетіп жатыр.

«Ерлікке тағзым» апталығы – ардагерлердің ерлігін ұлықтап, жастарды отансүйгіштікке баулуға арналған маңызды бастама. Бұл бастама өткен мен болашақтың арасындағы байланысты нығайтып, қоғамда ортақ құндылықтар қалыптастырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР МАМ баспасөз қызметі).

ЖЕҢІС ДАСТАНЫ

жадымыздан өшпейді

Алматыдағы Жамбыл Аатындағы филармонияда Ұлы Жеңіс қарсаңындағы іс-шаралар аясында қалалық конкурс форматында ардагерлердің гала-концерті өтті.



Нұрлан
СҮЙІН

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Әрине, мерекелік іс-шаралардың авангарды боп Алматы қаласы тұрғаны белгілі. Шаһарда Жеңіс мерекесі қарсаңындағы іс-шаралардың барлығы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтуде. Алматы – Ұлы Отан соғысы

кезінде «Тыл майданының» орталығы болды. Қалада жасақталған дивизия, бригада, полктардың жауды ойсыратып, жеңісті жақындатқан үлесі тарихи шындық.

Концертте сөз алған Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов жиналғандарды алда келе жатқан Жеңіс мерекесімен құттықтады. Ұлы Жеңістің қандай қиындықпен келгенін айтты, сұрапыл майдандағы қазақстандық жауынгерлердің ерліктері мен тыл ардагерлерінің ерен еңбегіне тоқталды.

Концерт бағдарламасына енген соғыс тақырыбындағы керемет әндер ардагерлердің орындауында үлкен әсер қалдырды. Қалалық конкурс жеңімпаздары марапатталып, соғыс және еңбек ардагерлеріне мерекелік медальдар табысталды.

СЕНБІЛІК

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

елге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі

Алматы қаласының Жетіасу ауданындағы Орталық зират аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді. Орталық зиратта өткен сенбілік – экологиялық мәдениет пен елге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл іс-шара Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылды. Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткен сенбілікке жүзге жуық әкебелсенді мен жастар қатысты.

– Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында экологиялық

мәдениетті қалыптастыру және ел тарихына, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің рухына деген құрметті нығайту. Жақында ғана елордада Мемлекет басшысының қатысуымен өткен «Таза Қазақстан» экофестиваліне қатысқан болатынмын. Бүгінгі іс-шара – соның жалғасы іспетті. Бұл бастама бүгінде үлкен қозғалысқа айналды. Оған қала тұрғындары, әсіресе, жастар белсенді қатысып келеді, – дейді Алматы қаласы Жетісу комьюнити-орталығының жетекшісі Әкежан Кеңес.

Зират аумағы мен оған іргелес сквер тазартылып, қоршаған орта қалпына келтірілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар арқылы жастар бойында табиғатқа деген жанашырлықты, ел тарихына деген құрметті сіңіру – басты мақсаттардың бірі.

ӨТКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – ТІРІГЕ МІНДЕТ

Алматыда ҰОС ардагерлерінің зиратын тазарту бойынша жастар акциясы өтті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Кеңсай-1 және Кеңсай-2 зираттарында майдангерлер жерленген орындарды тазарту және абаттандыру бойынша жастар акциясы өтті.



Игі іс-шараға қала жастары, жоғары оқу орындарының студенттері, волонтерлік ұйымдардың мүшелері және қоғам белсенділері қатысты. Қатысушылар зират маңын тазалап, абаттандыру жұмыстарын

жүргізді, сондай-ақ, ардагерлердің зиратына гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.

«Акцияның басты мақсаты – Отанды қорғаған ардагерлердің ерлігіне тағзым ету, олардың есімдерін жадымызда сақтау және жас ұрпақтың бойында тарихи сананы қалыптастыру», – дейді ұйымдастырушылар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Төлеби ОСПАН,
Алматы қаласының бас имамы:

БАРШАНЫ РУХАНИ ТӘРБИЕГЕ ШАҚЫРУ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы хазіреттің бастамасымен республика көлемінде зираттарды тазалау іс-шарасы өтіп жатыр. Алматы қаласында да осы бастама аясында 8 зиратта мешіт жамағаты, ұжым мүшелері және имамдар қатысып, тазалық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Мақсат – қала тұрғындарын зираттарды тазалауға үндеу, соған шақыру.

Біз барлық зиратты бір күнде толықтай тазалап үлгере алмаймыз. Сондықтан бұл – қала тұрғындарына ой салу, әркім өз ата-анасының, ағайын-туыстарының басына барып, қоқысты жинап, сынған жерлерін жөндеп, құрмет көрсетуге бағытталған әрекет. Яғни бұл – барша қоғамды рухани тәрбиеге шақыру. Бүгінгі іс-шараға Алматы қаласы бойынша шамамен, мыңға жуық адам жұмылдырылды. Мысалы, Кеңсай зиратының өзінде жүзге жуық адам қатысты. Қаладағы басқа зираттарда да дәл осындай белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Кеңсай зиратында жерленген қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың, Бауыржан Момышұлы сынды ардагерлердің және басқа да көрнекті тұлғалардың зираттарын тазалап, құрмет көрсетіп жатырмыз. Жұмыс үлкен құрметпен, жауапкершілікпен атқарылуда.

Аида АСЫЛХАНҚЫЗЫ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің студенті:

ЖАСТАР ҮШІН ТАҒЫЛЫМ

Біз бұл іс-шараға Аграрлық университеттен ерікті ретінде келдік. Кеңсай зиратында ардагерлердің ескерткіштерін тазалау арқылы тек қоғамдық пайдалы іс жасап қана қоймай, өзіміздің рухани және имани тұрғыдан да нығайып жатқанымызды сеземіз. Бұл – өткенге құрмет көрсету ғана емес, өзімізді тәрбиелеудің де бір жолы. Мұнда көптеген волонтер жиналды, барлығы шын ниетімен жұмыс істеп жатыр. Біз үшін бұл үлкен сабақ. Ардагерлер кезінде біз үшін жанын берді, ал біз бүгінде сол ерліктің ізімен жүріп, оларды ұмытпауымыз керек. Халықта жақсы сөз бар: «Біз де олардай боламыз, олар да біздей болған». Осы сөз осы сәтке дәл келетін сияқты. Өткеннің ерлігін ұмытпай, соны бағалай білу – біздің басты міндетіміз.

БҰҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС



ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТ

Салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтар Алматыдағы Орталық стадионға жиналды

Алматы қаласы Спорт басқармасы мен «Алматы қаласының Президенттік көпсайыс және теңіз спорт түрлері федерациясының» қолдауымен Орталық стадионның қосалқы алаңында қала тұрғындары арасында Президенттік тесттер бойынша чемпионат өтті.

Досбол АТАЖАН

Іс-шараға салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтар, яғни тоғыз жастағы мектеп оқушыларынан бастап, жетпістен асқан ардагер спортшыларға дейін барлығы – 1 мыңнан астам алматылық қатысты. Байқау бағдарламасы бойынша қатысушылар 30, 60 және 100 метрге жүгірді, орнынан ұзындыққа

секірді, сондай-ақ турникке тар-тылды және 500 және 1000 метр қашықтыққа жүгірді.

Жарысқа қатысқандардың бірі, 62 жастағы Сергей Конных өз әсерімен бөлісті.

– Мен үшін бұл жарыстар – тек физикалық формамды сынау емес. Бұл рух мерекесі, өзіңді ұлы спорттық отбасының бір мүшесі сезіну және жас тек сан екенін дәлелдеу мүмкіндігі. Ең бастысы – қозғалыста болу және өз күшіңе сену, – деді Сергей Конных.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр жас санатында ерлер және әйелдер арасында жеке нәтижелер бойынша анықталды. Жарыстың ең жас қатысушысы, 9 жастағы София Цехоцкая іс-шара көңілінен шыққанын айтты.

– Маған жүгіру және секіру өте ұнады. Өзімді нағыз спортшыдай сезіндім. Әлі де жаттығу жасап, келесі жолы жеңіске жеткім келеді, – деді ол.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



Рая ЕСКЕНДІР

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осынау жылдар ішінде елімізді мекен еткен халықтар өзара тіл табысып, бейбіт өмір сүріп жатса, Қазақстанды өз атамекені еткен ұлттар арасындағы достықтың алтын арқауы әлі де нығая түсуде. Міне, осынау мерекенің басты тақырыбына айналған ұлттар достығын оқушылар әсем әнмен әдіптеп, сахналық көрініспен көркемдеді. Мектеп-интернат ауласына әр ұлттың ерекшелігін айшықтайтын ақ отаулар тігіліп, өзіндік әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі сахналанды. Халқымыздың «Көрісу» дәстүрі, «Шашу» рәсімі, «Тұсаукесер»

дәстүрі үйлесім тауып, мерекенің мазмұнын аша түсті. Оқушылар да салт-дәстүрдің терең мағынасына бойлап, өздері сол дәуірде өмір сүріп жатқандай әсер қалдырды. Оқушылар сахналаған әрбір көріністе ұлттық реңк, қазақы болмыс, рухани сабақтастық анық сезіліп жатты.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – ҰЛТ ТӘРБИЕШІСІ
Мектеп-интернат мұғалімдері бұл жолы да жас ұрпаққа өнеге бола білді. Әр мұғалім оқушылармен бірге ән айтып, Сәуле Қаниева мен Мират Қайратов жетекшілік ететін оркестр күмбірлете күй төкті. Қысқасы, мерекенің жан-жақты өтуіне ұжымның жан-тәнімен кіріскені байқалды. Бұл – Наурыз мерекесінің ересектер мен жеткіншектердің ортақ мүддесі екендігін тағы бір дәлелдеді. Қайырымдылық пен бірлікті мақсат тұтқан мерекенің басты артықшылығы – оның

СКЕЙТБОРДИНГ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ СКЕЙТ-ПАРК

Демалыс күні Алматыда «көше спортына» арналған жаңа орталық – скейт-парк ашылды. Бұл – Орталық Азиядағы ең ірі бетон скейт-парктерінің бірі. 1200 шаршы метрден асатын бұл нысан бұқаралық спортты дамыту үшін жасалған. Скейт-паркті қайта жаңғыртуға 85 миллион теңгеден астам инвестиция салынған.

Жаңа алаңның ашылуына орай онда скейтбординг, кик-скутер және BMX (велосипед) бойынша әсерлі жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс төрешілері танымал спортшылардың арасынан шақырылып, қала тұрғындары мен қонақтарына шабыт сыйлады. Ал қатысушылар бар шеберліктерін және ерекше өнерлерін паш етті. Мұндай парктер бүгінде әлемнің ірі мегаполистерінде көптеп ашылып келеді, себебі олар қалалық инфрақұрылымды дамытуға және халықты спортпен айналысуға тартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай алаңдар жастардың бас қосатын сүйікті орнына айналады.

Инвесторлардың атынан Дмитро Яковцев Алмалы ауданының әкімдігіне алғысын білдірді.

– Біз жыл сайын 300 миллион теңгеден астам қаржыны спорттық алаңдардың жұмысын қамтамасыз етуге бағытаймыз. Бұл қаражат тек жаңа нысандарды салуға ғана емес, сонымен



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қатар қолданыстағы алаңдарды жарамды күйде ұстауға жұмсалады. Біз елдегі мәдени-әлеуметтік бастамаларды толығымен қолдаймыз және қала үшін маңызды жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар екеніне куаныштымыз. Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімдігіне жан-жақты қолдауы үшін алғысымды білдіремін. Осындай жобалар арқылы сүйікті қаламыз бұрынғыдан да жақсы әрі тартымды бола түсетініне сенемін, – деп бөлісті Gorilla Asia компаниясының бас директоры Дмитро Яковцев.

Ал BMX (велосипед) санатынан жарысқа қатысқан Назар Назаров жаңа нысан заманауи спорт түрлерін дамытуға үлес қосатынын атап өтті.

– Мұндай деңгейдегі парк – әрбір спортшының арманы. Мұнда барлығы егжей-тегжейлі ойластырылған: жамылғыдан бастап «көше спортына» қажеттінің бәрі бар. Бүгін әрбір спортшы өз шеберлігін көрсетіп, нағыз кәсіби қауымдастыққа айналды. Енді бұл – біздің басты алаңымыз, мұнда жаттығып, жарыстар өткізіп, мүдделес достармен жинала аламыз, – деді ол.

ҰЛТТЫҚ РУХ ОЯНҒАН КҮН

Мектеп оқушылары үш дүркін әлем чемпионы Назым ҚЫЗАЙБАЙМЕН кездесті

Алматыда ұлтымыздың ұлық мерекесі Наурыз әлі де жалғасып жатыр. Бұл мерекенің маңызының терең екенін одан сайын арттыра түскендей. Өйткені, бір күн ішінде ежелгі түркі жұртының болмысы мен тағдырын, тарихы мен тамырын біріктіретін, сан ғасырлық салт-дәстүрді жаңғыртып, ұлттың рухын оятатын ұлы мерекені тойламау еш мүмкін емес. Ұлттық құндылықтар салтанат құрған айтулы мерекені Алматы қаласындағы №17 мектеп-интернатының ұжымы дүрілдетіп атап өтті. Әсіресе, жас ұрпақ жадында әлем чемпионы қазақтың толағай қызы Назым Қызайбаймен кездескен керемет сәт ұмытылмастай естелік болып қалды. Сонымен қатар, осынау мереке мазмұны ұмыт бола бастаған әдет-ғұрыптарды қайта тірілтіп, шын мәніндегі тәрбиелік алаңға айналды.

жүрекке жол табар жылулығында болды. Интернат ұжымы осы Наурызда қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетуге күш салды. Балалар қолдан жасаған бұйымдарын, ұлттық тағамдарын жәр-

меңкеге қойып, түскен қаржыны игі істерге жұмсады. Бұл – оқушылардың тек қолөнеріне ғана емес, жан әлеміне де тәрбиелік әсер еткен маңызды іс-шара болды.

Мерекенің тағы бір ерекшелігі – танымдық қыры. «Ұйқыашар», «Селтеткізер», «Діреткізер» «Ұлық дастарқан», «Қызыр түні», «Көже қайнату», «Көтерме сый» сынды байырғы ұғымдар қайта жаңғырып, мектеп оқушылары сол ғұрыптардың мән-мағынасын сахналық қойылымдар арқылы саналарына тоқыды. Әсіресе, Қызыр ата мен Ақ баталы ананың сахнаға шығып тілек айту дәстүрінің қайта жаңғыруы көпшілікті толқытпай қоймады. Мектептің жас өнерпаздары Нүрәлі Бақыт, Нұрболат Әлімғазы, Мәди Нариманның шарықтата салған әніне көпшілік риза болды. Мерекенің шарықтау шегінде ұжым басшысы Серік Қалиев сөз алып, ыстық ықыласын білдірді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Назым ҚЫЗАЙБАЙ, Үш дүркін әлем чемпионы:

БІЛІМ ОРДАСЫ – РУХАНИЯТ ДІНГЕГІ

Осынау мерекенің қонағы ретінде қатты толқып отырдым. Мектеп оқушыларының ұлттық құндылыққа деген құштарлығына риза болдым. Ұлтымыздың осындай байлығын дәріптеп, жас ұрпақ бойына сіңіріп жатқан №17 мектеп-интернаттың директоры Серік Қалиев мерекенің жоғары деңгейде өтуіне айрықша күш салғаны байқалады. Иә, әр бала білімді болып қана емес, тамыры терең ұлттық санамен де өсуі керек. Мектептің әрбір оқушысы қазақ болмысына лайық азамат болып өсуі тиіс. Осындай шынайы, мазмұнды, жүрекке жетерлік іс-шаралар арқылы біз келешек ұрпаққа рухани мұра қалдыра аламыз. Себебі, ұлтты ұлт ететін – оның тілі ғана емес, дәстүрі мен тарихын құрметтеген ұрпағы.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«QAZAQGAZ АІМАҚ» АҚ Алматы өндірістік филиалы (бұдан әрі – Жеткізуші) төмендегілерді хабарлайды.

10.04.2025 ж. жағдай бойынша (2025 жылғы наурыздағы ұтынылған газды есептемегенде) 10 бюджеттік ұйымның жеткізілген тауарлық газ үшін мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар:

№ т/н	Компания атауы	Қарыз сомасы
1	«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті» ММ	5 344 668
2	«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі (Алматы қаласы)» ММ	4 349 689
3	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті» ММ	2 524 159
4	«Алматы қаласы Білім басқармасының №176 мектеп-гимназиясы» КММ	1 146 223
5	«Алматы қаласы Білім басқармасының №195 жалпы білім беретін мектеп» КММ	970 736
6	«Алматы қаласы Білім басқармасының Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясы» КММ	624 605
7	№7 Жалпы білім беретін мектеп КММ	590 093
8	«Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» КММ (Крематорий)	264 904
9	«Алматы қаласы Білім басқармасының №175 Жаңа ғасыр гимназиясы» КММ	59 072
10	«Алматы қаласы Білім басқармасының №149 жалпы білім беретін мектеп» КММ	41 718
БАРЛЫҒЫ:		15 915 867

30 тұрғын үйдің дебиторлық берешегі бар екендігі туралы қосымша хабарлаймыз. Атап айтқанда:

№ т/н	Компания атауы	Қарыз сомасы
1	«Domus Qazaqstan» ЖШС (Medeu City ТК Медеу ауданы, Халиуллин көшесі, 196/1)	55 043 208
2	«Exclusive Северное Кольцо» ЖШС (Шебер Сити ТК Алатау ауданы, Солтүстік айналма көшесі, 92/6 үй)	47 223 180
3	«ЖЭУ АСПАН» ЖШС (Tamarix City ТК, Қайрат ы/а)	39 914 952
4	«Думан-ТеплоЭнерго» («Меркур Град» ТК, «Думан-2» ы/а)	18 382 503
5	КОМПАНИЯ РЕАЛ – сервис ЖШС («Европолис» ТК, Жамал Омарова көшесі, 33)	14 899 958
6	«Alpha Management Company» ЖШС 80/22-АлПФ/Р (Солтүстік айналма көшесі, 86/3)	17 189 662
7	«QAZAQ STROY» ЖШС (На Кассина ТК, Кассин көшесі, 146/2)	16 131 744
9	«Ayt Facility Management» ЖШС (Эдельвейс ТК, «Горный Гигант» ы/а)	6 050 102
10	«Ruby House» ЖШС («Радужный берег» ТК, Майлин көшесі, 54)	3 530 357

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

КІТАП – ҚҰНДЫ ИГІЛІК

Шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, ең алдымен жастардың оқуға деген ынтасын арттыруымыз керек. Кітапқұмарлық жақсы қасиет. Ұлы Абай тілімен айтқанда, «Артық ғылым – кітапта». Қазіргі күнде жастарды әлеуметтік желілердегі жеңіл-желпі мәліметтерден емес, ой қазынасының қамбасы саналатын кітапқа баулу қоғамның басты міндеті.

Осы жауапкершілік пен міндетке «АМАНАТ» партиясы да баса мән беріп келеді. Оқырманның әдебиетке қызығу, кітап оқу құндылықтарын дәріптеу бағытында партияның «Кітап – АМАНАТ» жобасы аясында «Отбасылық кітап оқу», «Бірге кітап оқиық», «Бір айда – бір кітап» акциялары және түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – «Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №44 кітапхана бөлімшесі» мекемесіндегі кездесу.

«АМАНАТ» партиясы Алатау аудандық филиалы кітапхана қорына кітаптар апарып, кітап қорының толығына үлес қосты. Іс-шара барысында «Отбасылық кітап оқу» акциясына үн қосқан бірнеше отбасымен жүздесуде кітаптар сыйға берілді.

Нұрлан СҮЙІН.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»,
2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»,

3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»,

4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан

11	«Alpha Management Company» ЖШС (738/23-АлПФ/Р, Sky Hills ТК, Кәкімбек Салықов көшесі, 132/5)	5 387 359
12	«Alpha Management Company» ЖШС (737/23-АлПФ/Р, Aulet ТК, Сейдімбек көшесі, 110/2)	3 085 709
13	«Xelena и Ко» ЖШС (Zharbulak City ТК, Д.А.Қонаев атындағы ТК, уч.501)	6 733 401
14	«Солнышко» ПИТК («София» ТК, Шәріпов көшесі, 206)	8 574 249
15	«Alatau Golf Residences» ЖШС («Ақжар» ы/а ТК, Ер Тестік көшесі, 3-үй)	4 939 234
16	«Тау Шатыр» МИБ («Тау Шатыр» ТК, Қапаров көшесі, 6)	2 058 054
17	«Ожет констракшн» ЖШС («О-Jet» ТК, Солтүстік айналым көшесі, 92/2)	4 487 403
18	« Ulzhan2» ЖШС («Асыл ұя» ТК, «Ұлжан»-1 ы/а, Қ.Жалаири көш, 44)	2 608 438
19	«Дорожник» ПИТК (Северный ТК, Солтүстік айналым көшесі, 92/4)	1 070 860
20	«Samal Qurylys» ЖШС («Family comfort» ТК, «Атырау» ы/а, 11-үй)	1 549 440
21	«Debo строй» ЖШС («Saxon Yard» ТК)	1 476 715
22	«ТемирПром XXI» ЖШС («Арман Сити» ТК Халиуллин көш, 140/5)	1 466 345
23	«Prime Group Service» ЖШС («Северный» ТК, Солтүстік айналым көшесі, 92/4)	1 457 970
24	«QURAMYS PROJECT» ЖК («ELET» ТК)	1 268 667
25	«Askarov Loft» ЖШС («Askarov Loft» ТК, Рахат а, Төле би көшесі, 26)	1 078 306
26	«МЖК SICILIA» МИБ («Sicilia» ТК, «Құрамыс» ы/а, А.Сейдімбек көшесі,100)	958 372
27	«УК ЮБИЛЕЙНЫЙ» ЖШС («Jasmin Garden» ТК, М.Оспанов көш., 91)	944 978
28	«Qazaq Stroy Service» (Jasmin Garden ТК, Оспанов көшесі, 91)	733 615
29	«Жил Сервис Инжиниринг» ЖШС («Ожет» ТК, Солтүстік айналым көшесі, 92/3)	221 760
30	«МАРКОВА 75» МИБ («Adal Residence» ТК, Марков көшесі, 75)	480 221
БАРЛЫҒЫ:		268 946 762

Тұрғындар арасындағы әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін, төленбей келе жатқан дебиторлық берешекке қарамастан, қысқы жылыту кезеңінде Өнім беруші жоғарыда аталған тұтынушыларға газ жеткізу бойынша шектеу шараларын қолданбады. Қазіргі уақытта тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шарттары бойынша жеткізілген тауарлық газ үшін ақы төлеу бөлігінде міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, Өнім беруші тауарлық газды беруді тоқтатып, одан кейін бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін сот органдарына жүгіну арқылы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы «Газ және газбен жабдықтау туралы» №532-IV Заңының 17-бабы, 9-тармағы, 5) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының 58-тармағының негізінде Шарттың 3.11-тармағын қолдануға құқылы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, заңнамаға сәйкес сот және басқа да шығындарды өтеуді болдырмау үшін жоғарыда аталған ұйымдардың мерзімі өткен берешегін өтеуін сұраймыз.

(Орындаған: Ж.АСҚАРҰЛЫ, тел.: +7 (727) 331-70-10, ішкі 5061).

Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қюадан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаменті.

#заң_және_тәртіп
#закон_и_порядок



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ОЛИМПИАДА

ДАРЫНДЫЛАР ӘЛЕМІ

Алматыда Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова атындағы республикалық математикалық олимпиада жеңімпаздары анықталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда қалалық Білім басқармасы мен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы 23–27 сәуір аралығында өткізген республикалық математикалық олимпиада қазақ білімінің дамуына елеулі үлес қосқан ұлағатты ұстаз Аягүл Миразованың құрметіне ұйымдастырылды. Ұлағатты ұстаз жас ұрпаққа білім берумен қатар, педагогика саласында көптеген еңбектер жазған ғалым. Жалпы, Аягүл Төреқызының отандық білім беру жүйесіне қосқан үлесі орасан зор.

Бұған дейін республиканың өзге өңірінде айтулы тұлғалардың есімімен аталатын бірнеше білім бәсекелері өтсе, Алматыда мұндай іс-шара тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Аталмыш олимпиада жас ұрпақтың математикаға

деген қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау мен аналитикалық қабілеттерін дамытып, сонымен қатар стандартты емес тәсілдермен есептерді шешу дағдыларын қалыптастыруды мақсат еткен еді. Білім бәсекесі сол үдеден шыққан сыңайлы.

Төрт кезеңді қамтыған олимпиадаға Қазақстанның әр түкпірінен 8-9-сыныпта оқып жатқан мектеп оқушылары қатысты. Білім бәсекесіне қатысып, бақ сынаған 207 талантты оқушының да қара жаяуы жоқ. Әр өңірдің үміт күткен таланттарының қатарында халықаралық жарыстың да жеңімпаздары бар. Сонымен, өткізіліп отырған олимпиада мемлекетіміздің еліміздегі білім беру саласына зор көңіл бөліп, дарынды балаларға қолдау көрсетуді басты мақсат етіп отырғанын тағы да бір мәрте дәлелдеді.

Аталмыш олимпиада да оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға кең қолдау көрсетті. Бұған қоса, олимпиада барысында әр өңірден келген қатысушыларға спорттық ойындар мен психологиялық тренингтер, сонымен қатар Алматының көрікті жерлеріне экскурсиялар ұйымдастырыл-

ды. Қатысушылар Көктөбеге көтеріліп, Орталық мәдениет және демалыс саябағына, қалалық хайуанаттар бағына саяхат жасап, ҚР Орталық мемлекеттік музейін аралады.

Олимпиаданың жабылу салтанаты қаламыздың көркем орны – Оқушылар сарайында өтіп, жеңімпаздар мен қатысушылар арнайы дипломдар мен Алғыс хаттармен марапатталды. Барлық қатысушыларды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова құттықтап, еліміздің дарынды балаларына көрсетіліп жатқан мұндай қолдау олардың болашақтағы жетістіктеріне жол ашатынын жеткізді.

Аягүл Миразова атындағы алғашқы Олимпиаданың жеңімпазы атанғандар қатарында Эрик Лим (РФМШ), Нұртай Мәлік (Ақтобе), Александр Олейников (Алматы), Әнуар Ағыбаев (Алматы), Айсұлтан Омар (Алматы) сынды жас дарындар бірінші орынды иеленді.

Бұл іс-шара еліміздің білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал ететін маңызды кезең болды. Мұндай олимпиаданың ұйымдастырылуы мен оның ауқымы еліміздің болашақ математиктерін тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

БАЙҚАУ

«АЙНАЛАЙЫН»
қалалық ән байқауы

Алатау ауданындағы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында» ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған «Айналайын» қалалық ән фестивалінің қорытынды кезеңі өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Байқауды Алматы қаласының Білім басқармасы мен Қалалық балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық, техникалық және ғылым бағытындағы орталығының Инклюзивті ресурстық орталығы бірлесіп ұйымдастырды.

Фестивальдің басты мақсаты – балалардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы оларды қоғамға бейімдеу. Ән байқауы екі кезеңнен тұрды, оған 7–15 жас аралығындағы балалар қатысты. Аудандық кезеңі 31 наурыз бен 11 сәуір аралығында өтті. Ал қорытынды қалалық кезеңі 23 сәуір күні Алатау ауданында жалғасын тапты.

Іс-шара барысында қатысушылар Ұлы Отан соғысына арналған әндерді жанды дауыста орындады. Кейбір туындылар музыкалық сүйемелдеумен, фонограммамен ұсынылды. Қатысушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, әр баланың мүмкіндігіне сай репертуар таңдалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айша ӘМІРҚЫЗЫ,
Алматы қалалық Инклюзивті
орталығының басшысы:

Мақсат –
таланттарды ашу

«Айналайын» қалалық ән байқауы жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін шығармашылық конкурс. Байқаудың негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың талантын ашу. Байқауға 7 мен 15 жас аралығындағы балалар қатысып, бақ сынады. Қаланың сегіз ауданында өткен аудандық кезеңдердің қорытындысы бойынша әділқазы мүшелері үздік өнерпаздарды іріктеп, қалалық кезеңге жолдама берді. Осылайша финалдық кезеңге 15 бала қатысуға мүмкіндік алды.

Биылғы байқаудың басты ерекшелігі – тек вокал жанрында өтті. Балалар Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әндер дайындап келді. Қатысушылар патриоттық әндерді жеке және топтық форматта орындады.

Барлық қатысушыға дипломдар табысталып, байқау жүлдегері ретінде марапатталды.